

Бөрлі ауданы бойынша жекелеген санаттағы азаматтар үшін жұмыс орнының квотасын белгілеу туралы

Күші жойған

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі N 183 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Әділет департаментінде 2011 жылғы 3 маусымда N 7-3-111 тіркелді. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 ақпандағы N 99 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 16.02.2015 N 99 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңдарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөрлі ауданының келесі адамдары үшін жұмыс орындарының жалпы санынан бір пайыз мөлшерінде жұмыс орындарына квота белгіленсін:

- 1) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін;
- 2) интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Батыс Қазақстан облысы Бөрлі ауданы әкімдігінің 2011.12.01 N 1019 Қаулысымен.

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Сидыққа жүктелсін.

Аудан әкімі

Б.Шакимов